



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

"Маңғыстаумұнайгаз" Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) экологиялық менеджмент саласындағы басты басымдығы Қоғамның келісімшарттық аумақтарында мұнай-газ кен орындарын барлау, игеру, мұнай мен газ өндіру кезінде табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын сақтай отырып, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету болып табылады.

Қоғамда ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілді, сондай-ақ шығарындылар мен су ресурстарын басқару бойынша корпоративтік стандарттар мен саясаттар енгізілді.

Экологиялық менеджмент жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, Қоғам Басқармасы өзіне төмендегідей міндеттемелерді қабылдайды:

- табиғатты қорғау заңнамасының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- ластануды болдырмау және қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша мүмкін деңгейге дейін төмендетуді қамтамасыз ету;
- ресурстардың жеткілікті мөлшерін бөлу және қоршаған ортаны қорғауды басқару процесін жақсарту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- құрылыс сатысынан бастап жою кезеңіне дейін жобалардың қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу;
- су ресурстарын ұтымды пайдалану, өндірістік қажеттіліктерге ауыз суды тұтынбау;
- ластанушы заттар шығарындыларына, парниктік газдар шығарындыларына квоталардың белгіленген нормативтерін сақтау;
- құбырлардың тұтастығы саласындағы міндеттемелерді сақтау;
- әр түрлі қалдықтарды бөлек жинау бойынша талаптарды сақтау;
- кен орындарын игеру кезінде мазутталған жерлер мен жаңа аумақтарды игеру кезінде бұзылған аумақтар алаңын азайту жөніндегі міндеттемелерді орындау;
- аумақтың қоқыстануына жол бермеу және Қоғам объектілерінде сенбіліктер өткізу;
- Қоғамның кеңселерінде "Жасыл кеңсе" қағидаттарын енгізу бойынша міндеттемелерді сақтау;
- мердігерлік ұйымдардың көлік құралдарын қоса алғанда, көлік құралдарының экологиялық көрсеткіштерін арттыру жөніндегі талаптарды орындау;
- жобаларды іске асыру аймағында қызметкерлерге, сонымен қатар мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне аң аулауға және балық аулауға тыйым салу;
- мердігерлердің қызметіне Қоғамның экологиялық стандарттарының талаптарын қою.

Қоғам басшылығы осы Саясатты ұстануға және оны қызметкерлер арасында түсіндіру мен таратуды қамтамасыз етуге міндеттенетінін және жұмыскерлердің экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметке белсенді қатысу бастамаларын қолдайтынын мәлімдейді.

Бас директор

Вэнь Цзяцзюнь

Бас директордың
бірінші орынбасары

Сейтмағанбетов Б.С.